

Шалқар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 215 шешімі
Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 маусымда № 4378 болып тіркелген

«Шалқар ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2010 жылғы 20 шілдедегі №212 аудандық мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастыры мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 20 шілдедегі № 212 «Шалқар ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 3-13-138 санымен тіркелген, 2010 жылғы 8 қыркүйектегі «Шалқар» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Шалқар ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы қағидасында:

бүкіл мәтін бойынша «тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) деген сөздер» кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін» деген сөздермен ауыстырылсын;

2 тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

«жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша

жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарына; »

3 тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

«кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар-үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жалпы жиналысының шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ аспаптарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және салыстырып тексеруге, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндетті сомасы, сондай-ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекеленген түрлерін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналар;».

2. Осы шешім оның алғаш ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді.

Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы
М.Жиенгазина

Аудандық мәслихаттың
хатшысы
С.Тулемисов